

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі Тайпақ ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 ақпанда № 3796 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 наурыздағы № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 01.03.2017 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Зандарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 20 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жүқпалы ауруларының ошактарын жою мақсатында, Тайпақ ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының Тайпақ ауылдық округі Тайпақ ауылы аумағында ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Алып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімінің 08.09.2015 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

3. Тайпақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (З. Н. Гапуова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК